


ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Теңіз құқығы. 2-бөлім





Іргелес зона

Тарихта кейбір мемлекеттер ашық теңіздің белгілі бір бөлігіне айрықша құқығы бар екенін мәлімдеген кездер болған. Ондай мәлімдеме теңіздің ашықтық қағидатын әлсіретуге әкеліп соқты. Өйткені жағалаудағы мемлекет юрисдикциясы белгілі бір мақсаттар бойынша ашық теңіздің территориялық теңізбен іргелес, шектесіп жатқан аймақтарына да тарала бастады. Мемлекеттің шектеулі болса да, юрисдикциясы жүретін мұндай аумақтардың пайда болуына бірнеше себеп бар. Мысалы, мемлекеттің кеден, иммиграция, санитарлық заңдары бұзылуының алдын алу, жекелеген аумақтарда балық қорын сақтау немесе жағалаудағы мемлекеттің осы аумақтағы пайдалы қазбаларға айрықша немесе егемен билігін орнату үшін қажет болды.

Қай кезде де олар жағалаудағы мемлекетке өзі аса маңызды деп есептейтін мүдделерін шегарасын ашық теңізден әрі қарай кеңейтпестен қорғауға мүмкіндік береді.

Осылайша оны ашық теңіздің статусын сақтап қалуға тырысатын жағалаудағы мемлекеттер мен басқа да теңіз мемлекеттері мүдделерінің арасындағы өзара мәміле немесе бәсекелес талаптардың балансы десек те болады.

Дегенмен Малколм Шоудың пікірінше, территориялық теңізге құқығының арту себебін тек жағалаудағы мемлекеттің заңдары бұзылуынан көре беруге болмайды, сонымен қатар, жағалаудағы мемлекеттің теңіз ресурстарын игеру жөніндегі экономикалық мүддесі де себеп болып тұр. Жалпы, іргелес аймақ, яғни территориялық теңіздермен шегаралас аймақтар идеясы 1930 жылдары француз ойшылы Ш. Жидель құрастырған беделді әрі дәйекті доктрина ретінде қалыптасып, кейін Территориялық теңіз туралы конвенцияға енді.

Конвенцияда «Ашық теңіз территориялық теңізбен шектескен жерде жағалаудағы мемлекет өз территориясындағы немесе территориялық теңіздегі кеден, фискал, иммиграция, санитарлық нормаларының бұзылуына жол бермеу үшін әрі өз территориясында немесе территориялық теңізде жоғарыдағы нормаларды бұзғандарды жазалау үшін билік жүргізе алады» деген анықтама беріледі.

Автоматты түрде мемлекеттің құрлықтағы территориясының ажырамас бөлігі болып саналатын территориялық теңізге құқығынан айырмашылығы – мемлекеттің аралас аймаққа айрықша құқығы міндетті түрде жариялануы тиіс.

1982 жылғы конвенцияның 33-бабына сәйкес жағалаудағы мемлекет іргелес аймақтың шегін жағаның бастапқы сызығынан 24 теңіз милясына дейін соза алады.

Айрықша экономикалық зона

Мұндай аймақтар ертеректегі талап-арыздар негізінде, әсіресе, балық аулау аймағына қатысты талаптар негізінде пайда болған. Келіссөз процесінің нәтижесі 1982 жылы арнаулы конвенцияның қабылдануына алып келді. Бұл – территориялық теңіздің ендік көлемі 200 миля болуын қалайтын мемлекеттер мен жағалаудағы мемлекеттердің билігі одан әлдеқайда азырақ аумаққа таралуына мүдделі мемлекеттердің арасындағы ымыраласу сипатында пайда болған аймақ.

Айрықша экономикалық аймақтың ені 200 миль болсын деген пікірдің бас көтеруінің ең басты себептерінің бірі – балық аулау аймақтарына қатысты келіспеушілік. Территориялық теңіз туралы 1958 жылғы Женева конвенциясында мемлекеттер балық аулау аймағын құру туралы бір келісімге келе алмады. Сондықтан конвенцияның 24-бабында аралас аймақта балық аулауға нақты құқық берілмеген.

Балық шаруашылығының (Fisheries) ісінде Халықаралық сот преференциалдық құқық халықаралық дәстүрлі құқық қағидаттарының бірі ретінде қалыптасқанын айтты.

Преференциалдық құқық жағалаудағы мемлекет жағалаудан балық аулауға тәуелді болған кезде пайда болады. Бұл тұжырымды кейінірек БҰҰ конференциясы мен 1982 жылы басшылыққа алды. Конвенцияның 55-бабында «айрықша экономикалық аймақ дегеніміз – территориялық теңіздің арғы жағында орналасқан және онымен шектесіп жатқан, осы конвенция арқылы бекітілген нақты құқықтық режимдері бар аудан» деп берілген.



Аталған 1982 жылғы конвенцияның 56(1)-бабына сәйкес жағалаудағы мемлекет экономикалық аймақта бірқатар егемен құқығы бар. Атап айтқанда жанды және жансыз табиғи ресурстарды теңіз түбіндегі суды, теңіз табанын, теңіз түбіндегі байлықты барлау, игеру, қорғау, басқару, басқа экономикалық игеру мен аймақтың суы мен желінен энергия алу құқығына ие. Сондай-ақ, архитектураға, жасанды аралдарға, ғимараттарға, теңіздегі ғылыми-зерттеу жұмысына, теңіздің қоршаған ортасын қорғау мен сақтауға юрисдикциясы бар.

55-бапта айрықша экономикалық аймақ, яғни «балық аулау аймағы территориялық теңіздің сыртқы сызығынан басталады» десе, 57-бапқа сәйкес, «территориялық теңіздің ені бастапқы сызықтан есептегенде 200 теңіз милясынан аспауға тиіс» делінген, яғни шындығында, балық аулау аймағы 188 теңіз милясынан аспауы керек. Себебі қалған 12 милясы территориялық теңізде қалады. Ал территориялық теңіздің көлемі 12 миляға жетпейтін болса, ол сәйкесінше көбірек болады.

Құрлық қайраңы

Құрлық қайраңы дегеніміз – құрлықтың бір бөлігі теңізге шығып жатқанын, яғни салыстырмалы түрде тайыз судың (150–200 метр) астында орналасқанын, одан әрі мұхиттың түбіне қарай (бірнеше мыңдаған метрге) батып кететінін көрсететін геологиялық көрініс. Мұндай қайраңдар мұхиттың жалпы көлемінің 7–8%-ын алып жатыр және әр жерде әртүрлі ұзындықта кездеседі. Мысалы, АҚШ-тың батыс жағалауында мұндай құрлық қайраңының ені 5 милядан аз болса, Солтүстік теңіз бен Парсы шығанағындағы судың түбі түгел қайраң екен.

Құрлық қайраңдары туралы маңызды жайт – олардың бәрі мұнай мен газға бай, балық аулауға өте тиімді. Сондықтан да Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жағалаудағы мемлекеттер қайраңдарға көп мән беріп, соның нәтижесінде құрлық қайраңдарының құқықтық мәртебесі белгіленіп, жағалаудағы мемлекеттер бұрын ашық теңіздің бір бөлігі болып танылып келген қайраңдарға айрықша құқықтарға ие болды.

Айрықша экономикалық аймақ тұжырымын дамытуға байланысты бірқатар мәселе туындады. Себебі 1982 жылғы конвенцияның 56-бабына сәйкес, жағалау мемлекеті айрықша экономикалық аймақтағы табиғи ресурстарға, оның ішінде теңіз табанындағы байлыққа егемен билікке ие делінген болатын. Демек мемлекет теңіз түбіне қатысты екі бірдей құқыққа ие бола алады. Десе де, экономикалық аймақ туралы талап, құрлық қайраңына қарағанда, арнайы жариялануы керек. Сонымен қатар, құрлық қайраңының географиялық ені 200 милялық айрықша аймақтан айырмасы болуы мүмкін.

1982 жылғы конвенция құрлықтық қайраңға географиялық сипаттағы емес құқықтық анықтама берді, яғни конвенцияда «Жағалаудағы мемлекеттің құрлық қайраңына мемлекет территориясына енетін құрлықтың территориялық теңіздің шегінен шығып жатқан су астындағы жалғасы немесе құрлықтың су астындағы шегарасы территориялық теңіздің ені басталатын бастапқы сызықтан 200 теңіз милясынан азырақ болса, осы қашықтыққа созылып жатқан теңіздің табаны мен су астындағы ауданның қойнауы кіреді» деп жазады.

Осындай күрделі тұжырымдама құрлықтық қайраңның анықтауда өзіндік қиындықтар тудырғаны таңғалатын жәйт емес. Сондықтан сол қиындықтарды еңсеретін механизм құру үшін конвенция Құрлық қайраң шегарасы жөніндегі комиссия құрды, оның құрамында қатысушы-мемлекеттерден 21 сарапшы сайланды.

Жағалаудағы мемлекеттің құқықтары мен міндеттері

Жағалаудағы мемлекет 1982 жылғы конвенцияның 77-бабында аталғандай, табиғи ресурстарды игеру мен пайдалану мақсатында құрлық қайраңына егемен билігін жүргізеді. Бір ерекшелігі – бұл құқықтарды басқа мемлекеттер жағалаудағы мемлекеттің рұқсатынсыз қолдана алмайды. Бұл егемен құқықтар оккупациядан немесе егемен билігіне тәуелді емес. Бірақ Конвенцияда жағалаудағы мемлекеттің құқықтары қабаттас сулардың, ашық теңіздің және су үстіндегі әуе кеңістігінің статусына қатысы болмайды деп анық көрсетілген.



Бұл туралы құрлық қайраңына барлау жасау мен игеруге бағытталған өз құқығын жүзеге асырған кезде, құрлық қайраңында кабельдер мен құбыр тартуға кедергі жасай алмайды.

Жағалаудағы мемлекет 1982 жылғы конвенцияның 80-бабына сәйкес құрлық қайраңын игеру мен пайдалануға байланысты қондырғылар мен құрылғылар құра алады және сол қондырғылардың айналасындағы 500 метр шеңберде қауіпсіздік белдеуін жасай алады және мұны басқа мемлекеттердің кемелері құрметтеуі тиіс. Ондай аймақта мемлекет қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қолдана алады.

Теңіз кеңістігінің делимитациясы

Делимитация территорияға егемен биліктің бір элементі десек те, мәселе басқа мемлекеттерге келіп тірелгенде, олардың келісімі қажет. Біржақты жасалған делимитацияны мемлекеттің ішкі құқығы мойындаса да, басқа мемлекеттер үшін міндетті күші болмайды. Халықаралық сот *Nicaragua v. Honduras* ісінде бұл екі мемлекеттің арасындағы теңіз шегарасының делимитациясы «аса ауқымды мәселе және бұл тұрғыда келісімге келу оңай шаруа емес» деді. Сонымен қатар, теңіз кеңістігіне *uti possidetis* қағидаты қолданылатынын атап айтқан.

Қарама-қарсы тұрған немесе аралас жағалаудағы мемлекеттер арасындағы территориялық теңіздің делимитациясына келсек, 1982 жылғы конвенцияның 15-бабында «территориялық теңіздің делимитациясы жөнінде келісімге қол жетпесе, мемлекеттердің ешқайсысы өзінің территориялық теңізін бастапқы сызықтан бір деңгейде жатқан орта сызықтан асыра алмайды» делінген.

Дегенмен кейбір географиялық жағдайда бастапқы сызықты нақты анықтау қиын болғандықтан, бастапқы сызықтан бірдей қашықтықта жатқан сызықты анықтау да қиынға түседі. Мұндай айрықша кезде Халықаралық сот мемлекеттердің өздері сызып берген балама сызыққа, мысалы, биссектрисаға жүгінеді.

Дегенмен ортадағы сызыққа қатысты нормалар екі мемлекеттің арасындағы территориялық теңізді делимитациялау кезінде тарихи құқық пен басқа да айрықша жағдайларды ескеру қажет болған кезде қолданылмайды.

Территориялық теңізді делимитациялау туралы мәселеден бөлек, қарама-қарсы немесе іргелес мемлекеттер арасындағы құрлық қайраңы мен айрықша экономикалық аймақты делимитациялау мәселесі туындайды.

Алғашқыда құрлық қайраңы делимитациясының бастапқы нүктесі осы теңіз аймағына мемлекеттің құқығы деген түсінік бар еді. Құрлық қайраңына қатысты мұндай құқық құрлықтағы территорияның теңізге табиғи түрде шығып жатқан түбегінен басталады деген тұжырымға сүйенеді.

Бірақ кейін айрықша экономикалық аймақ ұғымы пайда болған соң бұл көзқарас өзгеріп, жағалаудан қашықтығы өлшенетін болды. Дегенмен бұл екі көзқарас бір-біріне жақын, өзара байланысты.

Теңізге шығу мүмкіндігі жоқ елдер

Бұл тақырыпша қазақстандық студенттер үшін қызықты болуы мүмкін. Өйткені Қазақстан ашық теңізге шығу мүмкіндігі жоқ елдердің 1982 жылғы Теңіз құқығы конвенциясына сәйкес Теңізге шығатын жолы жоқ мемлекеттің осы конвенцияда аталған құқықтарын, оның ішінде ашық теңіз еркіндігі мен адамзаттың ортақ мұрасына құқығын, жүзеге асыру үшін теңізге шығуға және теңізден қайтуға құқығы бар. Теңізге шығатын жолы жоқ мемлекет осы мақсатта транзит мемлекеттің территориясы арқылы кез келген көлік құралымен жүріп өтуге құқылы. Транзиттің шарттары мен тәртібі теңізге шығатын жолы жоқ мемлекет пен транзит мемлекет арасындағы екіжақты, аймақтық келісімдерде бекітілуі тиіс.

Осылайша, ешбір абсолюттік транзиттік құқық болмайтынын көруге болады. Ал транзит мәселесі теңізге шығатын жолы жоқ мемлекет пен транзит мемлекеттің арасындағы келісімге



байланысты. Дегенмен теңізге шығатын жолы жоқ мемлекет үшін оған теңіз жағалауына құқығы бар екенін белгілеп бергеннің өзі үлкен қадам.

Сонымен қатар, теңізге шығатын жолы жоқ мемлекет өз аймағындағы немесе субаймағындағы жағалау мемлекеттерінің экономикалық аймағын мекендейтін тірі табиғат қорын әділдік қағидаты негізінде тиісті экономикалық және географиялық факторларды ескере отырып игеруге тең дәрежеде қатысуға құқылы екенін атап өткен.

Мұндай қорларды игеру құқығы мен алғышарттары жағалаудағы мемлекетпен екіжақты, аймақтық келісімдерде бекітіледі. Ондай келісім жағалаудағы мемлекеттің балықшылар қауымына, балық аулау өндірісіне тигізетін теріс салдары мен сұранысын ескере отырып жасалады.

Ашық теңіз

Ашық теңіздің еркіндігінің негізгі мәні – ашық теңізді ешбір мемлекет меншіктей алмауында. Бұл жалпыға ортақ норма. Бірақ бұл нормаға тану, үнсіз келісім беру, прескрипция сияқты тұжырымдар өз әсерін тигізіп, қандай да бір мемлекет ашық теңіздің жағалаудағы мемлекеттердің территориялық су аймағын шектейтін белгілі бір бөлігін ұзақ уақыт бойы жекедара пайдаланып келсе, сол мемлекетке әлгі жерге егемен билігін жүргізу құқығын береді. Бұның мысалын Ағылшындар мен норвегтердің балықшыларына қатысты (Anglo-Norwegian Fisheries) ісінен көре аламыз.

1982 жылғы конвенцияның 86-бабында «қандай да бір мемлекеттің айрықша экономикалық аймағына, территориялық теңізіне, ішкі су аймағына кірмейтін, сондай-ақ архипелаг мемлекеттің архипелаг суына кірмейтін бөліктерінің бәрі ашық теңіз болып табылады» деп ашық теңіздің анықтамасын нақтылай түседі.

1982 жылғы конвенцияға «ашық теңіз мемлекеттерінің бәріне ашық және ашық теңіздің еркіндігі осы конвенцияның нормалары мен халықаралық құқықтың басқа да нормаларына сай жүзеге асырылады» деген норма енгізілген. Ашық теңіздің еркіндігіне, атап айтқанда, кеме жүзу еркіндігі, теңіздің үстінен ұшып өту еркіндігі, су асты кабельдерін жүргізу, жасанды аралдар салу, басқа да халықаралық құқықта рұқсат етілетін қондырғыларды орнату еркіндігі, балық аулау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу еркіндігі кіреді. Мұндай еркіндік түрлері басқа мемлекеттердің ашық теңіздегі мүдделерін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Ашық теңізде тәртіп сақтау негізінде кеменің белгілі бір мемлекетке тиесілі болуы және кемеге туын тіккен мемлекеттің юрисдикциясы жатыр. Шын мәнінде, кемеге туын тіккен мемлекет сол кеменің тек муниципалдық құқық нормаларын ғана емес, сонымен қатар, халықаралық құқық нормаларын да сақтауын реттеп отырады. Туы жоқ кеме ашық теңіздегі құқықтық режимге тиесілі көптеген құқықтар мен артықшылықтардан айырылады.

Әр мемлекет кемесіне өз азаматтығын беру жолдарын, кемені өз территориясында тіркеуді, кемеге өз туын тігуді реттеуі қажет. Кеменің азаматтығы оған тігілген туына тікелей тәуелді. Бірақ 1982 жылғы конвенцияның 91-бабында мемлекет пен кеменің арасында «шынайы байланыс» болуы қажет деп көрсетілген.

Халықаралық теңіз түбі

Ашық теңіздің түбіндегі байлық туралы мәлімет соңғы жылдары көбірек белгілі бола бастады. Ашық теңіздің түбінде шамамен 175 млрд құрғақ марганец конкрециясы бар екен, ол теңіз түбінің 15%-ын құрайтыны анықталды. Бұл көрсеткіш құрлықтағы металдың (марганецтің, никельдің, мыстың, кобальттің) көлемінен әлдеқайда көбірек.

Теңіздің түбі минералды байлықтың қайнар көзі ретінде осы конкрецияларды игеруге таяу келешекте жететін дамыған елдер үшін жақсы болып отыр. Сонымен қатар, дамушы мемлекеттер үшін, атап айтқанда пайдалы қазбаларының біраз бөлігін экспортқа шығару арқылы күн көріп отырған мемлекеттер үшін де, пайдалы.



1990 жылдардың басында дүниежүзі бойынша теңіз түбінде өндіріспен айналысатын алты консорциум болса, олар АҚШ, Жапония, Канада, Британия, Бельгия, Германия, Голландия, Францияның көптеген компаниялары болған. Теңіз түбіндегі пайдалы қазбалар технологиясы жетілдіріліп дамып, алғашқы инвестициялар салынған. Бірақ жақын бірнеше жыл ішінде теңіз табанын игеру қауырт күшейетініне әлі сенім жоқ.

Сұрақтар

1. Іргелес аймақ, айрықша экономикалық аймақ және құрлықтық қайраң арасындағы айырмашылықтар туралы айтып беріңіз.
2. Мемлекеттердің теңіз түбіне қатысты құқықтарға ие болуларының қандай құқықтық қайнар көздері бар?
3. Жағалаудағы мемлекеттің қандай құқықтары мен міндеттері бар?
4. Қалай ойлайсыз, теңізге шығу мүмкіндігі жоқ елдер үшін абсолютті транзит құқығы болу керек пе? Не себепті?

Әдебиеттер

1. D. Anderson, *Modern Law of the Sea: Selected Essays*, The Hague, 2014.
2. *The Oxford Handbook on the Law of the Sea* (ed. D. R. Rothwell, A. G. Oude Elferink, K. N. Scott and T. Stephens), Oxford, 2015.
3. D. R. Rothwell and T. Stephens *The International Law of the Sea*, 2nd edn, Oxford, 2016.